



"Баланың құқықтарын қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 12 ақпан N 223

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Баланың құқықтарын қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Баланың құқықтарын қорғау туралы

1 - т а р а у . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1-бап. Осы Заң қолданылатын сала

Осы Заңның күші туғанынан бастап 18 жасқа толғанға дейінгі адамдарға, егер заң бойынша олар бұрын азаматтық әрекет қабілеттілігіне толық көлемде ие болмаса, қ о л д а н ы л а д ы .

2-бап. Осы Заңда қолданылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар - өз құзыреті мен өкілеттіктері шеңберінде, заңдармен көзделген тәртіппен балалардың құқықтарын қорғау саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдар (Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі, Білім және ғылым министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау

министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия), сондай-ақ қорғаншылық және қамқоршылық о р г а н д а р ы ;

2) баланың заңды өкілдері - ата-аналары, асырап алушылары, қорғаншылары, патронат тәрбиешілері, отбасылық үлгідегі балалар ауылының әкімшілігі және заңдарға с ә й к е с ө з г е д е а д а м д а р ;

3) елеусіз шығындар - баланың қалыпты өмірін қамтамасыз етуге және оның әлеуметтік дамуына қажетті шығындар;

4) баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдар - сәби үйлері, интернат ұйымдары, балалар үйлері, жалпы үлгідегі жалпы білім беру мектеп-интернаттары, ақыл-ойы кеміс балаларға арналған интернат-үйлері, отбасылық үлгідегі балалар ауылдары, Жасөспірімдер үйлері және заңдармен көзделген тәртіппен баланың құқықтарын қорғау саласындағы қызметті жүзеге асыратын өзге де тәрбиелеу ж ә н е е м д е у ұ й ы м д а р ы ;

а) сәби үйі - жетім балалар мен ата-аналарының қамқоршылығынсыз қалған, сондай-ақ ақыл-ой мен дене дамуында мүкісі бар балаларды тәрбиелеу және оларға медициналық көмек көрсету мақсатында заңдармен көзделген тәртіппен құрылатын м е м л е к е т т і к м е к е м е ;

б) интернат ұйымдары - заңдармен көзделген тәртіппен құрылатын, белгілі бір санаттардағы азаматтарға тұрғын орын бере отырып білім алу құқығына мемлекеттік кепілдіктерді қамтамасыз ететін орта білім беру жүйесінің ұйымдары;

в) жалпы үлгідегі жалпы білім беретін мектеп-интернат (жалпы білім беретін мектептер жанындағы интернат) - тиісті жалпы білім беретін мектептері жоқ ауылдық елді мекендерде тұратын оқушыларға білім алу құқығын қамтамасыз етуге жағдай туғызу және балаларды отбасында тәрбиелеуге көмек көрсету мақсатында мектеп жанында жұмыс істейтін мектеп сияқты ұйымдық-құқықтық нысандағы ұйым;

г) ақыл-ойы кеміс балаларға арналған интернат-үй - күтімге, тұрмыстық және медициналық қызмет көрсетуге, сондай-ақ әлеуметтік еңбекке бейімделуге мұқтаж балалардың тұрақты тұруына арналған мемлекеттік мекеме;

д) отбасылық үлгідегі балалар ауылдары мен Жасөспірімдер үйлері - отбасылық үлгідегі балалар ауылдары мен Жасөспірімдер үйлері туралы заңдарға сәйкес құрылатын және жұмыс істейтін коммерциялық емес ұйымдар.

3-бап. Баланың құқықтары туралы заңдар

1. Баланың құқықтары туралы заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясынан К951000_ , осы Заңынан және өзге де нормативтік құқықтық а к т і л е р і н е н т ұ р а д ы .

2. Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттардың осы Заңның алдында

басымдығы бар және олар халықаралық шартта оны қолдану үшін Қазақстан Республикасының заңын шығару талап етілетін жағдайларды қоспағанда, тікелей қ о л д а н ы л а д ы .

4-бап. Балалардың тең құқылығы

Нәсіліне, түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси және өзге де сенімдеріне, ұлттық, этникалық немесе әлеуметтік шығу тегіне, мүліктік жағдайына, тұрғылықты жеріне, баланың тууы мен денсаулық жағдайына, оның ата-анасына немесе заңды өкілдеріне не кез келген өзге де мән-жайларға қарамастан барлық балалар тең құқықтарға ие.

5-бап. Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын баланың құқықтары

Қазақстан Республикасының аумағында тұратын, азаматы болып табылмайтын бала Конституцияға сәйкес құқықтарды пайдаланады және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын заңдармен немесе халықаралық шарттармен белгіленген жағдайларды қоспағанда, Республиканың азаматтарымен тең міндеттерді орындайды. Отбасының қайта қосылуы мақсатында Қазақстан Республикасынан кету туралы баланың немесе оның ата-анасының арызы, ізгілікті және жедел түрде қаралуы тиіс. Мұндай өтінішті қарау арыз беруші мен оның отбасының мүшелері үшін қолайсыз жағдайларға әкеп соқтырмауы тиіс.

6-бап. Баланың құқықтары

Бала Қазақстан Республикасының К951000_ Конституциясында, "Неке және отбасы туралы" Z980321_ Қазақстан Республикасының Заңында және өзге де заң актілерінде көзделген құқықтарды пайдаланады. Өзге де құқықтармен қатар баланың отбасында тұру және тәрбиелену құқығы, ата-аналарымен және басқа да туысқандарымен араласу құқығы, қорғалу, оның ішінде заңды өкілдер мен өзге де адамдардың тарапынан оның өмірі мен денсаулығына қол сұғушылықтан сотпен қорғалу құқығы, өз пікірін білдіру құқығы бар. Баланың осы Заңмен белгіленген құқықтары шектеле алмайды.

7-бап. Баланың білім алуға құқықтарын қорғау

Әрбір баланың білім алуға құқығы бар және оған тегін жалпы орта және бастауыш кәсіптік білім алуға кепілдік беріледі. Заң Қазақстан Республикасында қабылданған білім беру стандарттары шегінде баланың міндетті жалпы білім алу құқығына кепілдік б е р е д і .

Баланың жалпы білім беретін оқу орнына түсуі кезінде заңда көзделмеген шектеулерге жол берілмейді.

Арнайы педагогтік тәсілдерді қажет ететін, мүмкіндіктері шектеулі балаларға мемлекеттік бюджеттен олардың белгіленген стандарттар деңгейінде білім алуына кепілдік беретін қосымша қаражат бөлінеді.

8-бап. Баланың денсаулығын сақтауға құқықтарын қорғау

Мемлекет қолданыстағы заңдарға сәйкес балаларға медициналық көмектің тегін көлеміне кепілдік береді.

3 жасқа дейінгі балалар анасыз немесе отбасының өзге мүшесінсіз тек олардың келісімімен стационарлық медициналық мекемеге орналастырылады.

Хирургиялық операциялар, қан құю, диагностиканың күрделі әдістері балаға ата-аналарының, қорғаншылары мен қамқоршыларының келісімімен қолданылады.

Хирургиялық араласуды, қан құюды диагностикалық күрделі әдісті қолдануды кідірту аурудың өміріне қауіп төндіретін, ал көрсетілген адамдардың келісімін алу мүмкін болмаған жағдайларда, шешімді дәрігер немесе дәрігерлік комиссия қабылдайды.

Баланың өмірін құтқарып қалу үшін қажетті медициналық көмектен баланың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері бас тартқан кезде, бала мүдделерін қорғау үшін медициналық ұйымның, сондай-ақ медицина қызметкерінің сотқа жүгінуге құқығы бар.

9-бап. Баланың саяси құқықтарын қорғау

Баланың бейбіт жиналыстарға, балалар және жастар қоғамдық ұйымдарына (бірлестіктеріне) қатысуға құқығы бар.

Мемлекеттік басқару органдары баланың жеке басының, олардың шығармашылық кепілдіктерінің, әлеуметтік белсенділігінің, ғылыми, техникалық және көркем шығармашылығының дамуын, адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғауды, қоршаған табиғи ортаны, тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғауды; қайырымдылық қызметке қатысуды; мәдени, спорттық өмірге қатысуға қосылуды, демалыстар ұйымдастыруды мақсат тұтқан қоғамдық ұйымдардың (бірлестіктердің) қызметіне жәрдемдеседі.

Баланың жастар қоғамдық ұйымдарына қатысуы ерікті болып табылады және олардың жарғыларымен белгіленеді.

Балалар қоғамдық бірлестіктерін құру, қызмет және тарату тәртібі қолданыстағы заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

Баланың дінге мәжбүрлеп бет бұрудан қорғануға құқығы бар. Ата-аналарға (заңды өкілдеріне) діни жораларды орындауға мәжбүрлеп қатыстыруға тыйым салынады. Білім беру ұйымдарының оқушыларға діни мазмұндағы сабақтарға қатысуды міндеттеуге құқығы жоқ. Діни ұйымдар діни мазмұндағы оқуды тастауға тілек білдірген өз оқушыларын ұстап қалдыруға құқығы жоқ. Ата-аналарының (заңды өкілдерінің) және баланың пікірін ескермей) 6 жасқа дейінгі балаларды діни бірлестіктерге тартуға тыйым салынады.

11-бап. Баланың еңбекке құқықтарын қорғау

Баланың қолданыстағы заңдарға сәйкес өз еңбек құқықтарын іске асыруға тең мүмкіндіктері бар Еңбек қатынастарында баланың құқықтарын қандай да бір кемсітуге тыйым салынады. Мәжбүрлі еңбекке жол берілмейді.

12-бап. Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдар

1. Жалпы үлгідегі сәбилер үйлеріне туылғанынан үш жасқа дейінгі жетім балалар мен ата-аналарының қамқоршылығынсыз қалған балалар қабылданады. Мамандандырылған сәбилер үйлеріне психикалық және дене дамуында мүкісі бар туылғанынан төрт жасқа дейінгі балалар қабылданады.

Интернат ұйымдарына жетім балалар мен ата-аналарының қамқоршылығынсыз қалған үш жастан он сегіз жасқа дейінгі балалар қабылданады.

Жалпы үлгідегі жалпы білім беретін мектеп-интернатқа осы үлгідегі ұйымдарда ұстауы үшін медициналық теріс айғақтары жоқ алты жастан он сегіз жасқа дейінгі жетім балалар, ата-аналарының қамқоршылығынсыз қалған, сондай-ақ табысы аз және көп балалы отбасыларынан балалар қабылданады.

Ақыл-ойы кеміс балалар үшін Интернат-үйге күтімді, медициналық тұрмыстық қызмет көрсету мен әлеуметтік-еңбекке бейімделуді қажет ететін төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі балалар қабылданады. Балаларды қабылдау және ұстау жағдайларының тәртібі отбасылық үлгідегі балалар ауылдары және Жасөспірімдер үйлері туралы заңдармен белгіленеді.

Отбасылық үлгідегі балалар ауылына жетім балалар мен ата-аналарының қамқоршылығынсыз қалған он сегіз жасқа дейінгі балалар қабылданады. Отбасылық үлгідегі балалар ауылдарына балаларды қабылдау және оларды ұстау жағдайларының тәртібі отбасылық үлгідегі балалар ауылдары және Жасөспірімдер үйлері туралы заңдармен белгіленеді.

Жасөспірімдер үйіне он алты жастан он сегіз жасқа дейінгі балалар үйлері мен балалар ауылдарының түлектері, сондай-ақ балалар үйлері мен отбасылық үлгідегі ауылдардың тәрбиеленуші-балалары қабылданады. Балаларды Жасөспірімдер үйлеріне қабылдау және ұстау жағдайларының тәртібі отбасылық үлгідегі балалар ауылдары және Жасөспірімдер үйлері туралы заңдармен белгіленеді.

2. Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдарда балаларды қабылдау және ұстау шарттары осы Заңмен белгіленбеген бөлігінде Үкімет уәкілеттік берген орган бекіткен осы Ұйымдар туралы ережелермен белгіленеді.

2-тарау. Балалардың мүдделеріндегі мемлекеттік саясат

13-бап. Балалардың мүдделеріндегі мемлекеттік саясаттың мақсаттары

1. Қазақстан Республикасының балалардың мүдделеріндегі мемлекеттік саясатының мақсаттары:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясымен, осы Заңымен және өзге де заң актілерімен, сондай-ақ халықаралық шарттардың нормаларымен көзделген балалардың құқықтарын жүзеге асыру, олардың кемсітілуіне жол бермеу, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің негізгі кепілдіктерін баянды ету, сондай-ақ бұзылған жағдайларда олардың құқықтарын қалпына келтіру;

2) бала құқықтары кепілдіктерінің құқықтық негіздерін қалыптастыру, баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі тиісті органдар мен ұйымдарды құру;

3) балалардың дене, санаткерлік, психикалық, рухани және адамгершілік дамуына, оларға елжандылық пен азаматтық тәрбие беруге, сондай-ақ баланың жеке басын қоғамның мүддесінде және Конституция мен заңдарға қайшы келмейтін мемлекет халықтарының дәстүрлеріне, халықтық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне сәйкес қалыптастыруға ықпал ету болып табылады.

2. Балалардың мүдделеріндегі мемлекеттік саясат мемлекеттік басқару органдары қызметінің басымдық саласы болып табылады және мынадай қағидаттарға негізделген:

1) баланың құқықтарын заңдық қамтамасыз ету;

2) балалардың толыққанды тәрбиеленуін қамтамасыз ету, олардың

құқықтарын қорғау, оларды қоғамдағы толыққанды өмірге дайындау мақсатында отбасын мемлекеттік қолдау;

3) аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, балалар өмірін жақсартуға бағытталған ең төменгі мемлекеттік әлеуметтік стандарттарды белгілеу және сақтау;

4) баланың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзғаны, оған зиян келтіргені үшін лауазымдық адамдардың, азаматтардың жауапкершілігі;

5) баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі қызмет бойынша функцияларды жүзеге асыратын қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдарды мемлекеттік қолдау.

14-бап. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарының мемлекетте баланың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі өкілеттіктері

1. Орталық атқарушы органдардың бала құқықтарының кепілдіктерін қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттіктеріне:

1) балалардың мүдделерінде мемлекеттік саясаттың негіздерін белгілеу;

2) баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оның денсаулығы мен адамгершілігін қорғау жөніндегі қызметтің басымдылық бағыттарын таңдау;

3) баланың құқықтары мен бостандықтарын реттеу мен қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік басқару органдарының өз құзыреті шегінде қабылдауы;

4) балалар өмірін жақсартуға бағытталған ең төменгі мемлекеттік әлеуметтік стандарттарды белгілеу;

5) мемлекеттік бюджет, бюджеттен тыс көздер және өзге де заңмен тыйым салынбаған көздер қаражаттарының есебінен балалар мүдделеріндегі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі мемлекеттік іс-шараларды қаржыландыру жатады.

2. Жергілікті атқарушы органдардың бала құқықтарының кепілдіктерін жүзеге асыру өкілеттіктеріне:

1) балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, балалық шақты қолдау мемлекеттік бағдарламаларын, жергілікті бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз ету;

2) балаларға арналған әлеуметтік инфрақұрылымды қалыптастыруға қатысу;

3) ақпарат беру және консультацияларды өткізу, баланың құқықтары мен

заңды мүдделерін қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру тәртібін белгілеу жатады.

3. Орталық атқарушы органдар жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп:

1) мемлекетте баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің бірлескен бағыттарын әзірлеуді;

2) тәрбие, білім беру, денсаулық сақтау, ғылым, мәдениет, дене

тәрбиесі мен спорт, әлеуметтік қызмет көрсету мен отбасын әлеуметтік қорғау саласында балалардың мүдделеріндегі мемлекеттік саясат жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.

3-тарау. Қолайсыз жағдайларда және төтенше жағдайда баланың құқықтарын қорғау

15-бап. Жетім балалар мен ата-аналарының қамқоршылығынсыз қалған балалар құқықтарын қорғау

Жетім балалар мен ата-аналарының қамқоршылығынсыз қалған балалардың мемлекет тарапынан өмірі мен даму жағдайлары туралы ерекше қорғаншылықта болуға, қатыгездік пен адамгершілікке жатпайтын түрде қараудан қорғалуға құқығы бар.

Баланың құқықтарын қорғау саласындағы функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар жетім балалар мен ата-аналарының қамқоршылығынсыз қалған балалардың басқа отбасы асырап алуына, қорғаншылыққа (қамқоршылыққа) немесе патронатқа не баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдарға орналастыру үшін барлық шараларды қолдануға тиіс. Мемлекет заңдарға сәйкес қамқоршы (асырап алушы) отбасыларға және баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдарға материалдық қолдау көрсетеді. Мұндай баланы Қазақстан Республикасындағы отбасына орналастыру мүмкін болмаған кезде, Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленетін тәртіппен баланың мүдделерінде оны шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың асырап алуына, қорғаншылық (қамқоршылық) белгілеуіне жол беріледі.

Бала асырап алудан немесе қорғаншылықтан (қамқоршылықтан) туындайтын ақталмаған қаржы пайдасын табуға жол берілмейді.

Баланың мүдделерінде оның денсаулығын, асырап алушының, қорғаншының (қамқоршының) отбасында тұру жағдайларын бағалауды баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар құпиялы жүзеге асырады.

16 жасқа толған баланың өмір сүру жағдайларын, мемлекеттің материалдық қолдауы және қорғаншылық және қамқоршылық органдардың тарапынан бақылауды жүзеге асыру болған кезде дербес өмір сүруге құқығы бар.

16-бап. Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың асырауындағы және тәрбиелеуіндегі балалардың құқықтарын қорғау

Жетім балалар мен ата-аналарының қамқоршылығынсыз қалған балаларды отбасыға тәрбиелеуге беруге мүмкіндік болмаған кезде, олар баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымға мемлекеттік қамтамасыз етілуге орналастырылады. Осындай ұйымдардың асырауындағы және тәрбиеленуіндегі балаларға мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар, алименттер мен төлемдер Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіппен төленеді.

Тәрбиеленуші балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың оларды толыққанды дене, интеллектуалдық және рухани дамыту, дербес өмірге дайындау мақсатында отбасына жақындатылған барлық қажетті жағдайлар жасалады, олардың ана тілін, мәдениетін, ұлттық салттары мен дәстүрлерін сақтау қамтамасыз етіледі.

Осы ұйымдардың теріс қылық жасаған, тәрбиелеу функцияларын орындайтын қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіппен жауапкершілікке тартылуға жатады.

Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдар түлектерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау, оларға кезектен тыс тәртіппен тұрғын үй беру, белгіленген материалдық қамтамасыз етуді беру сақтандыру жұмысқа орналастыру заңдармен белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдарға жүктеледі.

17-бап. Жетім балалар мен ата-аналарының қамқоршылығынсыз қалған балалардың мүліктік құқықтарын қорғау

1. Жетім балалар мен ата-аналарының қамқоршылығынсыз қалған балалардың мүлкін басқару мүлікті сенімді басқару шарты бойынша жүргізіледі. Егер заң актілерімен басқаша көзделмесе, баланың кез келген заңды өкілі сенімді басқарушы бола алады. Баланың заңды өкілі заңдармен белгіленген шектерде және қорғаншылық және қамқоршылық органдар берген өкілеттіктер шеңберінде мүлікті сенімді басқаруды жүзеге асырады.

Жетім балалар мен ата-аналарының қамқоршылығынсыз қалған балалардың табыстарын, оның ішінде баланың жеке өзі пайдалануға құқылы табыстардан басқа оның мүлкін сенімді басқарудан балаға тиесілі табыстарды заңды өкіл тек қана баланың мүдделерінде және қорғаншылық және қамқоршылық органдарының алдын-ала рұқсатымен жұмсауға құқылы.

Заңды өкіл қорғаншылық және қамқоршылық органдарының алдын-ала рұқсатынсыз қорғаншылыққа алынғанды ұстау үшін қажетті оның табыстары ретінде қорғаншылыққа алынғанға тиесілі сомалардың есебінен елеусіз шығындар шығаруға құқылы.

2. Заңды өкілдің қорғаншылық және қамқоршылық органының алдын-ала рұқсатынсыз баланың мүлкін иеліктен шығару, оның ішінде айырбастау немесе сыйға тарту бойынша мәміле жасасуға, не оның атынан кепілдік шартын жасауға, мүлікті жалға (жалдауға) беруге, өтеусіз пайдалануға немесе кепілге беруге, заң бойынша және өсиет бойынша қорғаншылықтағы балаға тиісті мұрадан бас тартуға әкеп соқтыратын мәміле жасасуға, оның мүлкін бөлуге немесе одан үлес бөліп беруге, сондай-ақ қорғаншылықтағы бала мүлкінің азаюына әкеп соқтыратын кез келген басқа да мәмілелер жасасуға келісім беруге құқылы емес. Көрсетілген мәмілелер нәтижесінде алынған қаражаттарды жұмсауды қорғаншылық және қамқоршылық органының келісімімен баланың заңды өкілі жүзеге асырады.

18-бап. Мүгедек балалардың құқықтарын қорғау

Ақыл-есі немесе дене дамуы кеміс балаларды қоса отырып, мүгедек балалар мамандандырылған балалар ұйымдарында медициналық әлеуметтік көмек алуға, олардың немесе ата-аналарының таңдауымен оқу орындарын таңдауға, орта және кәсіптік білім алуға, өздерінің мүмкіндіктеріне сәйкес жұмысқа орналасуға, әлеуметтік оңалту, олардың қадір-қасиетін қамтамасыз ететін, қоғам өміріне белсенді қосылуға жәрдемдесетін жағдайларда толыққанды өмір сүру құқығы бар.

Сонымен бір мезгілде мемлекет мұндай балалардың ауруын емдеудің алдын алуға бағытталған медициналық, құқықтық әлеуметтік-экономикалық іс-шаралар кешенін жүзеге асырады.

19-бап. Зілзала нәубетінен, авариялардан және апаттардан зардап шеккен балалардың құқықтарын қорғау

Төтенше жағдайға (зілзала нәубеті, авариялар, апаттар, өнеркәсіп орындары қызметінен экологиялық нәубет салдары ретінде қоршаған ортаның ластануы және басқалары) ұшыраған балаларға, оның ішінде басқа елдерде де, мемлекет жедел өтеусіз көмек көрсетеді, қауіпті аймақтан оларды көшіру жөнінде шұғыл шаралар қабылдайды, отбасымен қосылуына қорғаншылық жасайды, қажетті медициналық көмек көрсетеді.

Бұл балаларға ата-аналарынан айырылған жағдайда, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған кез келген бала сияқты әлеуметтік қорғау қамтамасыз етіледі.

20-бап. Балалардың әскери іс-әрекеттерге қатысуына тыйым салу

Балаларды заңдармен көзделгендерден басқа, әскери іс-әрекеттерге, қарулы қақтығыстарға қатысуға тартуға, балалар арасында соғысты және зорлық-зомбылықты насихаттауға, әскерилендірілген балалар құрамаларын құруға тыйым салынады.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің мерзімді қызметіне жасы 18-ге толған адамдар шақырылады. Кәмелетке толмағандарды әскери оқу орындарына оқуға қабылдау заңдарда көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

21-бап. Босқын балалардың құқықтарын қорғау

Әскери іс-әрекеттер, қарулы қақтығыстар, нәсілдік белгілері, діни сенімдері, азаматтығы, белгілі бір әлеуметтік топқа қатыстылығы немесе саяси сенімдері бойынша және өзге де негіздер бойынша қуғынға ұшырау нәтижесінде тұрғын үйден және жеке мүлкінен айырылған босқын балалардың өз мүдделерін қорғауға құқығы бар.

Баланың жүрген жері жөніндегі қорғаншылық және қамқоршылық органдары, аумақтық көші-қон қызметтері ата-анасының бар-жоғы және тұрғылықты жеріне өзге де туысқандары немесе заңды өкілдері туралы мәліметтерді алуға жәрдемдеседі, қажет болған жағдайда баланы емдеу-профилактикалық немесе баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын оқу-тәрбиелеу ұйымына орналастырады.

22-бап. Кәмелетке толмағанды жауапкершілікке тартқан кезде оның құқықтарын қорғау

Кәмелетке толмағанның жеке бостандығына құқығы заңмен қорғалады. Кәмелетке толмағандарды ұстау немесе қамауға алу заң актілерімен көзделген жағдайларда ең шекті шара ретінде қолданылады. Кәмелетке толмағанның ұсталғандығы, қамауға алынғандығы немесе күзетте болу мерзімінің ұзартылуы туралы ата-аналарына немесе оның басқа да заңды өкілдеріне, сондай-ақ прокуратура органдарына дереу х а б а р л а н а д ы .

Кәмелетке толмағандарды ұсталған, қамауға алынған немесе сотталған ересек адамдармен бір үй-жайда ұстауға тыйым салынады.

Кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауапкершілікке тартқан жағдайда қылмыстық іс жөніндегі өндірістің барлық сатыларында адвокаттың және заңды өкілдің қ а т ы с у ы м і н д е т т і .

16 жасқа жетпеген, кәмелетке толмаған, сондай-ақ осы жасқа жеткен, бірақ психикалық даму жетіспеушілігінің белгілері бар баланы қылмыстық жауапкершілікке тартқан кезде педагогтың немесе психологтың қатысуы міндетті. Кәмелетке толмаған сезіктіде, айыпталушыда психикалық аурудың немесе даму ауытқымасының болуы және оның өз іс-әрекеттері үшін толық немесе ішінара есеп беру және оларға нақты бір жағдайда басшылық ету қабілеттілігі туралы мәселені шешу үшін кешенді психикалық-психиатриялық сараптама тағайындау міндетті.

Куә ретінде айғақ беруге немесе өз кінәсін мойындатуға мәжбүрлеу мақсатында

кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық, қорқыту не өзге де заңсыз іс-әрекеттер қолдануға жол берілмейді.

Кәмелетке толмағандарға қатысты сот істерін қарау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сәйкес жүзеге асырылады.

23-бап. Арнайы тәрбиелеу мекемелерінде кәмелетке толмағанның құқықтарын қорғау

Кәмелетке толмағанды арнайы тәрбиелеу мекемесіне жіберу жергілікті өкімет органының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссиясының ұсынымы бойынша тек сотпен жүргізіледі.

Арнайы тәрбиелеу мекемесіндегі кәмелетке толмағанның ізгілікті қарым-қатынасқа, денсаулығын сақтауға, орта білім және кәсіптік даярлық алуға, ата-аналарымен, жақын туыстарымен жолығысуына, хат жазысуға құқығы бар.

24-бап. Баланы зорлықпен көшіруден қорғау

Мемлекет Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына және халықаралық құқық нормаларына сәйкес балаларды шетелден заңсыз көшіруге және қайтармауға, оларды ұрлауға, балаларды кез келген мақсаттарда және кез келген нысанда сатуға қарсы шаралар қолданады.

4-тарау. Баланың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау

25-бап. Баланың заңды өкілдері

Заңды өкілдері баланың туу (немесе бала асырап алу) куәлігі, ата-аналарының төлқұжаты, қорғаншының жеке куәлігі негізінде арнайы өкілетсіз барлық мемлекеттік органдар мен ұйымдарда, оның ішінде соттарда кез келген адамдармен қарым-қатынастарда балалардың өкілдігін білдіруді және олардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарымен кәмелетке толмағанның азаматтық, некелік-отбасылық, еңбек және өзге де құқықтық қатынастарға өз бетімен кіру және өз құқықтары мен мүдделерін қорғау құқығы көзделген жағдайларды қоспағанда, 14-тен 18-ге дейінгі жастағы кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін олардың заңды өкілдері қорғайды.

Тәрбиелеу, емдеу ұйымдарындағы, халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарындағы немесе басқа да соған ұқсас ұйымдардағы балалардың өкілдігін білдіруді және мүдделерін қорғауды заңдарға сәйкес сол ұйымдар жүзеге асырады.

Ата-ананың қамқоршылығынсыз қалған баланың өкілдігін білдіру және құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау баланы отбасыға немесе баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымға орналастырғанға дейін уақытша қорғаншылық және қамқоршылық органына жүктеледі.

26-бап. Балалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін заңды өкілдерінің қорғауы

Кәмелетке толмағандарға қатысты қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыру жергілікті атқарушы органдарға жүктеледі.

Қорғаншылық және қамқоршылық органдар:

ата-аналарының қамқоршылығынсыз қалған балаларды орналастыруды қамтамасыз етеді, сот, әкімшілік және өзге де органдарда осы балалардың құқықтарын қорғайды және мүдделерін білдіреді;

балалардың тұруына олардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін отбасыларына кедергісіз барып тұрады;

балалардың, ата-аналардың, сондай-ақ бала тәрбиелеуге үміттенетін адамдардың өмір сүру жағдайларына зерттеу жүргізеді;

балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды қарайды, ата-аналар арасындағы, ата-аналар мен басқа адамдар арасындағы балалар туралы даулар бойынша қорытындылар береді;

ата-аналарды және олардың орнындағы адамдарды жауапкершілікке тарту туралы материалдарды кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияға жібереді не сотқа жүгінеді;

балалар тәрбиесіне байланысты даулар жөніндегі соттың қаулысын сот орындаушының талабы бойынша қамтамасыз етеді;

балалардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерді қорғау мәселелері жөніндегі ақпараттық, консультациялық-психологиялық педагогикалық, заңгерлік және өзге де көмек көрсетеді;

асырап алушылардың, қорғаншылардың (қамқоршылардың), асырап алушы ата-аналардың, патронат тәрбиелеушілердің отбасыларында, баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдарда балаларды тәрбиелеу және асырау жағдайларына бақылауды жүзеге асырады;

жасы кіші (14 жасқа толмаған) балалардың ата-аналары мен қорғаншыларына балалардың атынан мәмілелер жасасуға, сондай-ақ кәмелетке толмағандар дербес жасасуға құқылы емес, баланың мүлкін неліктен шығару (оның ішінде ауыстыру немесе сыйға тарту), оны өтеусіз пайдалануға немесе кепілге жалға (жалдауға) беру жөніндегі мәмілелер, балаға тиесілі құқықтардың бас тартуға, оның мүлкін бөлуге немесе одан үлестерді бөліп шығаруға әкеп соғатын мәмілелер, сондай-ақ баланың

мүлкінің азаюына әкеп соғатын кез келген басқа да мәмілелер жасауға қамқоршыларға
алдын - ала рұқсат береді ;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де функцияларды орындайды.

27-бап. Балалардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін
соттың қорғауы

Баланың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды соттар жүзеге асырады. Сот баланың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауға байланысты істер бойынша (атап айтқанда, ата-ана құқықтарынан айыру, баланы тартып алу, асырап алуды бұзу туралы, асырап алуды жарамсыз деп тану туралы істер бойынша, баланың тұрғын үй құқықтарын және мүдделерін бұзу туралы және басқа да істер бойынша) прокурордың қатысуын міндетті деп тануы мүмкін және бұл туралы прокурорға хабарлайды .

28-бап. Балалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін
прокуратураның қорғауы

Баланың құқықтары туралы заңдардың шығарылатын құқықтық актілерінің орындалуын қадағалауды прокуратура жүзеге асырады.

Прокурордың бала құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғай отырып , сотқа арызбен жүгінуге немесе егер баланың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау осыны талап ететін болса, процестің кез келген сатысында іске кірісуге құқығы бар .

Егер қолданыстағы заңдар бойынша оның қатысуы міндетті болса не егер сот нақты істі қараған кезде прокурордың қатысуын міндетті деп таныса, прокурор істің сотта қаралуына қатысуға міндетті .

29-бап. Балалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін
нотариаттың қорғауы

Мемлекеттік және жеке нотариустар мемлекеттің атынан нотариаттық іс-әрекеттер жасаған кезде баланың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау Қазақстан Республикасының нотариат туралы заңдарына сәйкес қамтамасыз етіледі.

Балаға меншік құқығында тиесілі мүлікке билік жүргізу жөніндегі мәмілелерді, сондай-ақ балаға тиесілі құқықтардан бас тартуға бағытталған мәмілелерді қорғаншылық және қамқоршылық органдары жазбаша рұқсат бергеннен кейін нотариус куәландырады .

Сондай-ақ қорғаншылық және қамқоршылық органдарының жазбаша рұқсаты

тұрғын үй-жайдың меншік иесі отбасының кәмелетке толмаған мүшелері тұратын тұрғын үй-жайларды иеліктен шығару жөніндегі мәмілелер жасасу үшін және заңдармен көзделген басқа да жағдайларда талап етіледі.

Нотариус баланың мүліктік құқықтары мен мүдделерінің бұзылғанын анықтаған кезде ол нотариаттық іс-әрекеттер жасаудан бас тартады және бала құқықтарының бұзылуы туралы баланың тұратын жеріндегі қорғаншылық және қамқоршылық органдарына не прокурорға хабарлауға міндетті.

30-бап. Балалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін азаматтық хал актілерін жазу органдарының қорғауы

Балалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды баланы тіркеу, әкелікті анықтау, бала (қыз) асырап алу, тегін, атын, әкесінің атын өзгерту кезінде және азаматтық, отбасылық заңдармен және азаматтық хал актілері туралы заңдармен көзделген басқа да жағдайларда азаматтық хал актілерін жазу органдары жүзеге асырады.

31-бап. Баланың құқықтары мен мүдделерін ішкі істер органдарының қорғауы

Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын алу жөніндегі бөлімшелер ішкі істер органдарының құрылымы ретінде баланың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауға қатысады.

Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын алу жөніндегі бөлімшелер:

кәмелетке толмағандардың әкімшілік құқық бұзушылықтары мен қылмыстарының алдын алады, алдын алу жұмыстарын жүргізу процесінде оларды ашуға жәрдемдеседі;

дербес немесе баланың құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті органның қаулысы бойынша алдын алу жұмыстарын жүргізеді және қылмыс немесе құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандарға қатысты заңмен белгіленген ықпал ету шараларын қолданады;

қылмыстық жауапкершілік басталатын жасқа жетпеген кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылықтары туралы арыздар мен хабарламаларды қарайды және заңнамаға сәйкес олар бойынша шешімдер қабылдайды;

алдын алу жұмыстарын жүргізеді және егер кәмелетке толмағандардың ата-аналары, қамқоршылары, қорғаншылары кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу жөніндегі өз міндеттерін орындамаса және (немесе) өз жүріс-тұрысымен олардың құқық бұзушылық жасауына ықпал етсе, оларға қатысты заңнамамен белгіленген ықпал ету шараларын қолданады.

32-бап. Қоғамдық бірлестіктердің балалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауы

Қоғамдық бірлестіктер көмек сұрап келген баланың құқықтарын қорғау жөніндегі өкілеттікті өздеріне алуға немесе оның ата-анасының өтініші бойынша, егер аталған қоғамдық бірлестік соның негізінде әрекет ететін жарғымен немесе ережемен көзделген болса, әкімшілік және сот органдарында заңды өкілдер ретінде болуға құқығы бар.

33-бап. Осы заңды орындау кезінде дауларды шешудің соттық тәртібі

1. Ата-аналар (оларды ауыстырушы адамдар), сондай-ақ балаға білім беру, тәрбиелеу, дамыту, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және әлеуметтік қызмет көрсету, оның әлеуметтік бейімделуіне жәрдемдесетін, әлеуметтік оңалтуына іс-шараларды және (немесе) оның қатысуымен өзге де іс-шараларды жүзеге асыратын адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен оның денсаулығына, мүлкіне келтірілген

шығынды, сондай-ақ моральдық залалды балаға қайтару туралы талап-арызбен сотқа шағымдануға құқылы.

2. Соттарда баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау туралы істерді қарау кезінде, прокурор іс қозғаған кезде мемлекеттік баж алынбайды.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.